

**ЖШС «Нұрлан-К.А» «Күншуақ» балабақшасының
№ 5 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Мамыр 2026 жыл

Өтетін орны: Күншуақ балабақшасы
Қатысқандар: -6
Кеңес төрағасы: Ж.Ж.Өтепберген
Хатшы: М.Е.Нұржанова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы».
2. «Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар».
3. «Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар».

1-мәселе

«2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы»

Баяндамашылар: Әдіскер Н.Ж.Шильманова педагог-психолог Р.А.Әскербекова

Тыңдалды:

- Әдіскер Н.Ж.Шильманова оқу жылы бойынша жүргізілген тәрбие-білім беру процесінің қорытындысын ұсынды.
- Жыл ішінде өткізілген ашық сабақтар, мерекелік іс-шаралар, әдістемелік жұмыстар сараланды.
- Педагог-психолог Р.А.Әскербекова балалардың даму деңгейі бойынша жүргізілген диагностика нәтижелерін таныстырды.

Ұсыныстар:

- Жыл ішінде орындалған жұмыстарды жинақтап, тәжірибелік-әдістемелік қор құрастырылсын;
- Балалардың жеке жетістіктерін көрсететін портфолио жасалсын;
- Педагогтар арасында үздіктерді марапаттау дәстүрге айналсын.

2-мәселе

«Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар»

Баяндамашы: Әдістемелік кеңес мүшесі: Ж.А.Курманғалиева

Тыңдалды:

- Әдістемелік кеңес мүшелері жылдық жұмысты талдап, жетістіктер мен олқылықтарды атап өтті.
- Тәрбиешілердің кәсіби өсуі, инновациялық әдістерді енгізуі оң нәтиже бергені айтылды.
- Кейбір бағыттарда ата-анамен жұмысты күшейту, әдістемелік жұмысты жүйелеу қажеттілігі көрсетілді.

Ұсыныстар:

- Келесі жылы ата-аналармен серіктестікті арттыруға ерекше көңіл бөлінсін;
- Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жұмыстары күшейтілсін;
- Жаңа оқу жылында тәрбиешілердің кәсіби дамуына арналған семинар-тренингтер жиі өткізілсін.

3-мәселе

«Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар»

Баяндамашылар: Меңгеруші Ж.Ж.Өтепберген, әдіскер Н.Ж.Шильманова

Тыңдалды:

- Жаңа оқу жылының стратегиялық бағыттары таныстырылды.
- Материалдық-техникалық базаны нығайту, оқу-әдістемелік қорды толықтыру жұмыстары аталды.
- Балалармен тәрбиелік-білімдік жұмыстың басым бағыттары анықталды.

Ұсыныстар:

- Жаңа оқу жылына дайындық жоспары жасалсын;
- Педагогтар жазғы демалыс кезеңінде әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасасын;
- Топ бөлмелерінде дамытушы орталықтар жаңартылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс қорытындысы бекітілсін.
2. Жетістіктерді арттыру, кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты іс-шаралар жоспары құрылсын.
3. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары уақытылы және жүйелі түрде жүргізілсін.

Төраға:
Хатшы:



Ж.Ж.Өтепберген
М.Е.Нұржанова